10 және 11-сыныптарға арналған қазақ әдебиеті оқулықтары оқу материалы ретінде пайдаланылды (Қасқабасов және т.б., 2019; Зайкенова, Нұрланова, 2019; Зайкенова және т.б., 2020). Атап айтқанда, 10-сынып үшін Р. Зайкенова, Л. Нұрланова және С. Қасқабасов, Р. Өлмұханова, Е. Раушанов, А.Тиынтай авторлығындағы оқулықтар іріктеліп, ұсынылған шығармалар ретінде Ж. Аймауытұлының «Ақ білек», Ө. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр», М. Мағауиннің «Шақан Шері» романдары және Ш. Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі мен Ш. Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі алынған. Ал 11-сынып үшін Р. Зайкенова, Р. Сакенова, Л. Нұрланова және А. Ақтанова, А. Жундибаева, Ж. Нурлыбаеваның құрастыруындағы оқулықтар тартылған. Ондағы шығармалар А. Сүлейменовтің «Бесатар» повесі, О. Бөкейдің «Атау-кере», С. Елубайдың «Жалған дүние», І. Есенберлиннің «Қаһар» романдары мен Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Е. Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімелері. Эксперимент барысында оқулықтарда ұсынылған шығармалардың толық нұсқасы емес, оқу мақсатына бейімделген, психологиялық тұрғыдан маңызды фрагменттері қолданылды.

Аталған оқулықтарда ұсынылған XX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің үлгілері мазмұндық және психологиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Осы ерекшеліктер зерттеу мақсатына қолайлы мәтіндер корпусын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қазақ әдебиеті оқулықтарында ұсынылатын Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романында оқиғалар жүйесі мен кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас басты тұлға – Демежан бейнесі арқылы өрбиді (Жұмаділов, 1991). Автор кейіпкердің ел тағдырына жауапкершілікпен қараған азаматтық ұстанымын оның нақты іс-әрекеті, моральдық таңдауы мен табандылығы арқылы көрсетеді. Демежанның халқының тұрмысын жақсартуға бағытталған әрекеттері, әділетсіздікке қарсы тұруы романның идеялық өзегін құрап, оқырманды кейіпкердің ішкі күйін, шешім қабылдау сәттерін эмоциялық тұрғыдан сезінуге жетелейді (Досова, 2024, б. 442).

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу оқу үдерісіне тікелей кіріктірілген эмпирикалық сипатта жүргізілді. Эксперимент Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептің жоғары сынып оқушылары арасында өткізілді. Жұмыс барысында қазақ әдебиеті пәнінің жоспарлы сабақтары аясында жүзеге асырылып, оқу бағдарламасынан тыс қосымша жүктеме енгізілген жоқ. Оқу тапсырмалары көркем мәтінді терең түсіну, кейіпкердің ішкі әлемін пайымдау және авторлық ұстанымды тану арқылы білім алушылардың эмоциялық-танымдық әрекетін жандандыруға бағытталды.

Эксперименттік жұмыс 7 аптаға созылып, жалпы көлемі 14 академиялық сағатты құрады. Қатысушылар саны – 25 оқушы, оның ішінде 14 қыз және 11 ұл. Сабақтар аптасына 2 академиялық сағат көлемінде жүйелі түрде жүргізілді. Эксперименттің соңғы, жетінші аптасы қорытынды өлшеу мен нәтижелерді бағалауға арналды. Гендерлік құрам қосымша сипаттамалық дерек ретінде тіркелді. Зерттеу барысында тек эксперименттік топ қолданылды. Бұл әдістемелік тұрғыдан алынған нәтижелерді мәтінге негізделген оқыту моделінің тиімділігімен тікелей байланыстыра талдауға мүмкіндік берді.

Эксперименттік оқытуда XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ прозасының психологиялық тереңдігімен, адам болмысының ішкі қайшылықтарын көркем бейнелеуімен ерекшеленетін шығармалары негізге алынды. Мәтіндер корпусы арнайы мақсатта іріктеліп, мына авторлардың прозалық туындылары қамтылды: О. Бөкей, Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, Т. Нұрмағамбетов, М. Мағауин, т.б. Әр автордан көлемі шағын, бірақ мазмұны жағынан эмоциялық-психологиялық жүктемесі жоғары әңгімелер немесе сол шығармалардан арнайы іріктелген фрагменттер пайдаланылды. Мәтіндер толық көркем туынды ретінде емес, оқу-талдау тапсырмаларына бейімделген нұсқада ұсынылды. Іріктеу барысында кейіпкердің ішкі күйзелісі, моральдық шешімі мен авторлық бағалауы айқын көрінетін үзінділерге басымдық берілді.

Эксперименттік жұмыс барысында қолданылған тапсырмалар типологиясы оқу үдерісінің белсенді және рефлексиялық сипатын қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі формада ұйымдастырылды. Атап айтқанда, жеке тапсырмалар (рефлексиялық жазба, кейіпкердің ішкі монологын талдау эссесі); жұптық жұмыстар (кейіпкер мен автор ұстанымын салыстыра талдау); топтық тапсырмалар (моральдық дилеммаларды талқылау, ситуациялық талдау).

Жеке тапсырмалар оқушылардың ішкі эмоциялық тәжірибесін белсенді етуге бағытталды. Оларға көркем мәтін бойынша рефлексиялық жазбалар жазу, кейіпкердің ішкі күйін сипаттайтын эпизодтарға талдау жасау, кейіпкер

атынан ішкі монолог немесе шағын эссе құрастыру сияқты жұмыстар кірді. Бұл тапсырмалар оқушылардың өз эмоциясын тану, мәтіндегі психологиялық жағдаймен салыстыру және өзіндік пайым жасау дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Жұпта жұмыс істеу барысында оқушылар кейіпкер ұстанымы мен авторлық бағалауды салыстырып, мәтіндегі астарлы мағынаны бірлесіп ашуға тырысты. Мұндай жұмыстар пікір алмасу мәдениетін және интерпретациялық ойлауды дамытуға жағдай жасады.

Топтық тапсырмалар көбіне проблемалық және жағдаяттық сипатта ұйымдастырылды. Топтық талдау барысында автор ұстанымын анықтау, оны тарихи-әлеуметтік контекспен байланыстыра түсіндіру және ортақ тұжырым жасауға басымдық берілді. Сабақтардың жалпы логикасы төмендегі кезеңдер бойынша құрылды (1-кесте).

Кесте 1. Сабақтардың ұйымдастырылуы мен оқу әрекеттерінің кезеңдері

Кезеңдер	Мазмұны мен оқу әрекеттері
1. Мәтінмен алғашқы танысу	– көркем прозалық фрагментті оқу; – оқушылардың мәтінге алғашқы эмоциялық реакциясын анықтау; – кейіпкердің жалпы психологиялық ахуалын, бейнесін бастапқы қабылдау.
2. Интерпретациялық жұмыс. Автор ұстанымын айқындауға бағытталған талдау	– кейіпкердің ішкі күйі мен әрекеттеріне назар аудару; – авторлық баяндау, композициялық және тілдік құралдар, символдық детальдар арқылы автор ұстанымын анықтауға тырысу; – мәтіндегі кейіпкер ұстанымы мен автор ұстанымының арақатынасын салыстыра талдау.
3. Рефлексия және талқылау кезеңі	– жеке, жұптық және топтық жұмыс формаларын кезектестіріп қолдану; – рефлексиялық жазбалар жасау (қысқа эссе, ой-толғау, монолог, т.б.); – топтық пікірталас немесе салыстырмалы талдау жүргізу.
4. Қорытындылау	– талдау нәтижелерін жүйелеу; – мәтін бойынша қорытынды пікір айту.

Оқыту барысында әр сабақта рефлексия формалары әртүрлі ұйымдастырылып, бұл оқушылардың көркем мәтінді қабылдауын жандандырып, эмоционалдық тәжірибені саналы түрде ұғынуына мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында оқушылардың эмоционалдық зият деңгейін анықтау мақсатында авторлық сауалнама әзірленді. Сауалнама прозалық көркем мәтінді қабылдау ерекшеліктерін, эмоционалдық жауап беруін және автор ұстанымын тану қабілетін кешенді түрде бағалауға бағытталды. Өлшеу құралы алдын ала (pre-test) және қорытынды (post-test) диагностикалау форматында қолданылды. Бұл сауалнама білімгерлердің эмоционалдық зиятын көркем мәтінді қабылдау және автор ұстанымын айқындау үдерісімен байланыстыра бағалауға бағытталған авторлық диагностикалық құрал ретінде қолданылады. Қараңыз:

I. Эмоциялық қабылдау (кейіпкердің ішкі күйін сезіну, эмоциялық ахуалды тану):

А) Көркем прозалық мәтінді оқу барысында кейіпкердің ішкі сезім күйін анық сезіне аламын;

В) Кейіпкердің эмоциялық жағдайы мәтіндегі оқиғалармен тығыз байланысты екенін байқаймын;

С) Прозалық шығарманы оқығанда кейіпкердің қуанышы мен күйзелісін ажырата аламын;

Д) Кейіпкердің эмоциялық күйін түсіну мәтінді тереңірек қабылдауыма ықпал етеді;

Е) Кейіпкердің ішкі жан дүниесін сезіну мен үшін мәтінді түсінудің маңызды бөлігі саналады.

II. Эмпатия (кейіпкер ұстанымын түсіну, эмоциялық тұрғыда қабылдау):

А) Кейіпкердің әрекеттерін оның ішкі күйі мен өмірлік жағдайы арқылы түсінуге тырысамын;

В) Прозалық мәтіндегі кейіпкерге жанашырлық таныту менің оқу үдерісімде маңызды орын алады;

С) Кейіпкердің таңдауы мен шешімдерін бағалауда оның эмоциялық жағдайын ескеремін;

Д) Көркем шығармадағы кейіпкердің тағдыры мені эмоциялық тұрғыдан бейжай қалдырмайды;

Е) Кейіпкердің ішкі қайшылығын түсіну менің өзге адамдарға деген эмпатиямды күшейтеді.

III. Рефлексия (өз эмоциясын тану, салыстыру, ішкі ой елегінен өткізу):

А) Көркем мәтінді талдау барысында өз эмоциялық реакциямды байқай аламын;

В) Кейіпкердің сезімдері менің жеке тәжірибеммен салыстыруға мүмкіндік береді;

С) Мәтін мазмұны мені өз эмоциям туралы ойлануға жетелейді;

Д) Көркем прозаны оқу өз ішкі күйімді түсінуге көмектеседі;

Е) Мәтінге байланысты жазбаша немесе ауызша рефлексия жасау эмоциялық ойлауымды дамытады.

IV. Автор ұстанымын тану (мәтіндегі автор көзқарасын талдау):

А) Көркем мәтінде кейіпкер әрекеті арқылы автордың көзқарасы берілетінін аңғарамын;

В) Автор ұстанымын айқындау кейіпкердің мінез-құлқын тереңірек түсінуге негіз болады;

С) Кейіпкердің эмоциялық күйін талдау автордың негізгі идеясын тануға көмектеседі;

Д) Автордың дүниетанымы кейіпкердің ішкі қайшылығы арқылы көрінетінін байқаймын;

Е) Автор ұстанымын анықтау көркем мәтінді эмоциялық-құндылықтық тұрғыдан бағалауыма әсер етеді.

Сауалнама Likert типті бес балдық шкала негізінде құрылды (1 – мүлде келіспеймін, 5 – толық келісемін) және барлығы 20 тұжырымнан тұрады. Тұжырымдар оқушылардың көркем мәтінді эмоциялық-құндылық тұрғысынан қабылдауын сипаттайтын төрт негізгі өлшемді қамтиды: эмоциялық қабылдау, эмпатия, рефлексия және көркем мәтіндегі автор ұстанымын тану. Әр өлшем 5 тұжырым арқылы бағаланып, орташа мәні сәйкес индекс ретінде есептелді.

Бірінші өлшем – эмоциялық қабылдау, яғни оқырманның көркем мәтіндегі кейіпкердің ішкі күйін, психологиялық ахуалын және эмоционалды жағдайын түсіне алу қабілеті (Majerová, Sokolová, 2025, б. 20). Бұл өлшем мәтін мазмұнына эмоциялық жауап беру, кейіпкердің жан дүниесіне үңілу және психологиялық детальдарды сезіну деңгейін анықтауға бағытталған.

Екінші өлшем – эмпатия, ол кейіпкердің ұстанымын, мінез-құлқы мен әрекетінің мотивтерін түсіну, кейіпкердің жай-күйіне іштей үндесу және оның жағдайын қабылдау қабілетімен байланысты. Бұл өлшем көркем мәтін арқылы «өзгенің орнына өзін қоя білу» дағдысының қалыптасуын бағалайды (Sarwer, Abid, Chao, 2025, б. 12).

Үшінші өлшем – рефлексия, яғни білімгердің мәтінді оқу барысында және одан кейін өзінің эмоциялық күйін тануы, кейіпкер сезімімен салыстыруы және жеке тәжірибесімен байланыстыра пайымдауы. Бұл бағытта оқушының өзіндік эмоциялық талдау жасау және ішкі ой қорыту дағдылары назарға алынды.

Төртінші өлшем – автор ұстанымын тану, ол кейіпкер әрекеті, баяндау тәсілі мен көркемдік шешімдер арқылы берілетін авторлық көзқарасты аңғару және оны кейіпкердің эмоциялық күйімен байланыстыра талдау қабілетін қамтиды. Бұл өлшем көркем мәтінді үстірт қабылдаудан гөрі, терең интерпретациялауға негізделеді.

Зерттеуде қолданылған авторлық сауалнаманың нақтылығы (ішкі сенімділігі) Cronbach's alpha коэффициенті арқылы тексерілді. Алынған нәтижелер сауалнаманың жалпы шкаласы мен жекелеген өлшемдерінің жоғары деңгейдегі ішкі үйлесімгесай екенін көрсетті. Эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін оқушылардың эмоционалдық зият деңгейі қорытынды өлшеу (post-test) нәтижелері негізінде талданды. Эксперимент нәтижелерін талдау білімгерлердің эмоционалдық зиятының барлық өлшемдері бойынша оң динамиканы көрсетті. Алдын ала (pre-test) және қорытынды (post-test) өлшеу нәтижелері салыстырмалы талдау негізінде өңделді (2-кесте). Мұндағы M (Mean) – қорытынды өлшеудегі орташа көрсеткіш. SD (Standard Deviation) – жауап берушілер арасындағы вариативтілік.

Кесте 2. Эмоционалдық зият өлшемдері бойынша pre-test және post-test нәтижелері

Өлшемдер	Алдын ала өлшеу Pre-test M	Алдын ала өлшеу Pre-test SD	Қорытынды өлшеу Post-test M	Қорытынды өлшеу Post-test SD
Эмоциялық қабылдау	3.21	0.48	3.89	0.42
Эмпатия	3.34	0.51	4.02	0.39
Рефлексия	3.18	0.46	3.95	0.41
Автор ұстанымын тану	3.09	0.50	4.08	0.37
Жалпы көрсеткіш	3.21	0.49	3.99	0.40

Эмоциялық қабылдау өлшемі бойынша алынған нәтижелер қорытынды өлшемде оқушылардың көркем мәтіндегі кейіпкердің ішкі күйін сезіну, эмоциялық ахуалды тану қабілетінің артқанын көрсетті. Бұл мәтіндегі психологиялық детальдарға және ішкі толғанысқа назар аудару деңгейінің күшейгенін дәлелдейді.

Эмпатия өлшемі бойынша post-test нәтижелері оқушылардың кейіпкер позициясын түсіну және оның іс-әрекеттерін эмоциялық тұрғыдан қабылдау қабілетінің жоғарылағанын айқындайды. Бұл көрсеткіш мәтінді бірлесіп талдау және пікірталас элементтерін қамтыған оқу тапсырмаларының тиімділігін көрсетеді.

Рефлексия өлшемі оқушылардың өз эмоциялық күйін тану, оны мәтіндегі жағдаяттармен салыстыру және өзіндік ішкі талдау жасау дағдыларының қалыптасқанын айқындады. Қорытынды өлшеуде орташа көрсеткіштің өсуі рефлексиялық жазба мен жеке тапсырмалардың нәтижелілігін дәлелдейді.

Жалпы нәтижелер қазақ прозасын, әсіресе XX ғасырдағы психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін шығармаларды автор ұстанымын айқындауға бағыттай отырып оқыту оқушылардың эмоционалдық зият деңгейін дамытуға оң ықпал ететінін көрсетеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерін нақтылау мақсатында қорытынды өлшеу деректері оқушылардың гендерлік ерекшеліктері тұрғысынан қосымша талдаудан өткізілді. Бұл талдау жалпы эмоционалдық зият көрсеткіштерінің өсу динамикасын теріске шығармайды, керісінше, өзгерістің қандай топта айқынырақ көрінгенін анықтауға мүмкіндік береді. Гендерлік салыстыру қорытынды өлшеу нәтижелері негізінде жүргізілді (3-кесте). Мұнда да М (Mean) – қорытынды өлшеудегі орташа көрсеткіш те, SD (Standard Deviation) – жауап берушілердің арасындағы вариативтілік.

Кесте 3. Гендерлік ерекшеліктер бойынша қорытынды өлшеу нәтижелері

Өлшемдер	Қыздар (n=14) M	SD	Ұлдар (n=11) M	SD
Эмоциялық қабылдау	4.01	0.38	3.71	0.44
Эмпатия	4.15	0.34	3.82	0.41
Рефлексия	4.08	0.36	3.74	0.43
Автор ұстанымын тану	4.21	0.32	3.86	0.40
Жалпы көрсеткіш	4.11	0.35	3.78	0.42

Кесте деректері бойынша эмоционалдық зияттың барлық өлшемдері бойынша оқушы қыздардың орташа көрсеткіштері ұлдарға қарағанда жоғары екені байқалады. Әсіресе эмпатия, рефлексия және автор ұстанымын тану өлшемдерінде айырмашылық айқынырақ көрінеді. Бұл жағдай оқушы қыздардың көркем мәтіндегі эмоциялық жағдайды сезіну, кейіпкердің ішкі күйін қабылдау және авторлық көзқарасты интерпретациялау үдерісіне бейімділігімен түсіндірілуі

мүмкін. Алайда айырмашылықтар айқын алшақтық сипатында емес және эмоционалдық зияттың дамуы екі топта да жүйелі түрде жүзеге асқанын аңғартады. Бұл нәтиже қолданылған оқыту әдістемесінің білім алушылардың жыныстық ерекшеліктеріне тәуелсіз, керісінше тиімді екенін көрсетеді. Осылайша, гендерлік айырмашылықтар өзгерістің бағытын емес, оның интенсивтілігін ғана сипаттайды және зерттеудің негізгі қорытындыларымен толық сәйкес келеді.

Жалпы айтқанда, алынған нәтижелер қазақ прозасын автор ұстанымын айқындау арқылы оқыту жоғары сынып оқушыларының эмоционалдық зиятын дамытудың тиімді ғылыми-практикалық құралы бола алатынын дәлелдейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ прозасын, әсіресе XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін шығармаларды автор ұстанымын айқындауға бағыттап оқыту жоғары сынып оқушыларының эмоционалдық зият деңгейіне оң әсер ететінін көрсетті. Алдын ала және қорытынды өлшеу нәтижелерінен алынған салыстырмалы талдау барлық өлшемдер бойынша (эмоциялық қабылдау, эмпатия, рефлексия, автор ұстанымын тану) орташа көрсеткіштердің айтарлықтай артқанын дәлелдейді. Автор ұстанымын айқындауға бағытталған интерпретациялық жұмыс оқушылардың авторлық көзқарас пен кейіпкер әрекетінің өзара байланысын тереңірек түсінуіне жағдай жасап, рефлексиялық пайымдау қабілеттерінің дамуына ықпал етті. Бұл нәтижелер әдеби мәтінді оқыту үдерісінде эмоциялық зият компоненттерінің өзара сабақтас дамитынын көрсетеді.

Гендерлік ерекшеліктерге қатысты талдау оқушы қыздардың эмоциялық қабылдау мен эмпатия көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде жоғары нәтиже көрсеткенін, ал ұлдардың рефлексия және автор ұстанымын тану өлшемдері бойынша айырмашылығы айқын емес екенін байқатты. Алайда жалпы эмоционалдық зият деңгейінің артуы барлық оқушыларға тән ортақ үрдіс ретінде танылды, бұл қолданылған оқыту моделінің әмбебап сипатын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ прозасын авторлық ұстанымға бағдарланған әдістемелік жүйе негізінде оқытудың мектеп оқушыларының эмоционалдық зиятын дамытуда пәрменді құрал екенін көрсетеді. Мұндай тәсіл көркем мәтінді қабылдауды интеллектуалдық әрекетпен ғана шектемей, оқушының эмоциялық сезінуін, эмпатиялық қабілетін және құндылық бағдарын қалыптастыруға жағдай жасайды. Әдеби шығарманы тұлғалық-мағыналық тұрғыдан түсіну мен эмоционалды қабылдау оқушылардың

өзіндік рефлексиясын күшейтіп, адамгершілік ұстанымының орнығуына ықпал етеді. Осылайша, әдебиетті эмоциялық-психологиялық қырынан оқыту қазіргі білім беру кеңістігінде ғылыми негізделген әрі тәжірибелік маңызы зор бағыт ретінде айқындалады.

Қаржыландыру: Мақала 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында жазылған. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP26103915).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Алаш, 2003. 408 б.
- Баязитов Б. Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы психологизм // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2 (182). 2021. Б. 108–115. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph12>
- Досова А., Сегизбаева К. Қабдеш Жұмаділов шығармаларының көркемдік ерекшеліктері // ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. № 4 (75). 2024. Б. 441–452. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.029>
- Жұмаділов Қ. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 420 б.
- Зайкенова Р., Нұрланова Л. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2019. 160 б.
- Зайкенова Р., Сакенова Р., Нұрланова Л. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2020. 112 б.
- Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2007. 528 б.
- Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Тиынтай А. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Жазушы, 2019. 205 б.
- Отарбаева Ғ. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 4 (172). 2018. 198-205 б.
- Сағидуллиева С., Оразбек М., Мұхиева Г. Готикалық, магиялық, барокколық туындылардағы кейіпкерлер жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2 (198). 2025. Б. 166–175. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198215>
- Goleman, D. (2001). Emotional intelligence: Issues in paradigm building. In *The Emotionally Intelligent Workplace*. Jossey-Bass, 13–26.
- Iser, W. (1980). *The Act of Reading: A Theory of Aesthetic Response*. Johns Hopkins University Press.

- Majerová, N., & Sokolová, L. (2025). Well-being and academic stress in higher education students: Interview and diary study. *International Journal of Qualitative Studies on Health and Well-Being*, 20(1). <https://doi.org/10.1080/17482631.2025.2602369>
- Rosenblatt, L.M. (1978). *The Reader, the Text, the Poem: The Transactional Theory of the Literary Work*. Southern Illinois University Press.
- Sarwer, S., Abid, M.N., Chao, H., Siming, L., & Dukhaykh, S. (2025). Examining the impact of positive psychological attributes on emotional stability and academic burnout among undergraduate students: A cross-sectional study. *BMC Psychology*, 13(1), 614. <https://doi.org/10.1186/s40359-025-02880-0>

References

- Baitursynuly, A. (2003). Bes tomdyq shygarmalar jinagy. 1-tom [Five-volume collection of works. Vol. 1]. Almaty: Alash. (in Kaz.)
- Bayazitov, B. (2021). Abish Kekilbaevtyñ “Aanyzdyn aqyry” romanyndagy psikhologizm [Psychologism in Abish Kekilbayev’s novel “The End of the Legend”]. *KazUU Habarshysy. Filologiya seriyasy*, 2(182), 108–115. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph12> (in Kaz.)
- Dosova, A. & Segizbaeva, K. (2024). Qabdesħ Zhumadilov shygarmalarynyn korkemdik erekshelekteri [Artistic features of the works of Kabdesħ Zhumadilov]. *KazKhZhaneATU Habarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy*, 4(75), 441–452. (in Kaz.)
- Goleman, D. (2001). Emotional intelligence: Issues in paradigm building. In *The emotionally intelligent workplace*. Jossey-Bass, 13–26.
- Iser, W. (1980). *The act of reading: A theory of aesthetic response* [The act of reading: A theory of aesthetic response]. Johns Hopkins University Press.
- Kabdolov, Z. (2007). *Soz oneri* [The art of speech]. Almaty: Sanat. (in Kaz.)
- Kasskabassov, S., Al'mukhanova, R., Raushanov, E., & Tiyntai, A. (2019). *Qazaq adebiēti: 10-synyp okulygy* [Kazakh literature: 10th grade textbook]. Almaty: Zhazushy. (in Kaz.)
- Majerová, N., & Sokolová, L. (2025). Well-being and academic stress in higher education students: Interview and diary study. *International Journal of Qualitative Studies on Health and Well-Being*, 20(1), 1–21. <https://doi.org/10.1080/17482631.2025.2602369>
- Otarbaeva, G. (2018). Matin zhane interpretaciya: kozqarastar men koncepciýalar [Text and interpretation: perspectives and concepts]. *KazUU Habarshysy. Filologiya seriyasy*, 4(172), 198–205. (in Kaz.)

- Rosenblatt, L. M. (1978). *The reader, the text, the poem: The transactional theory of the literary work* [The reader, the text, the poem: The transactional theory of the literary work]. Southern Illinois University Press. Retrieved 1 May 2026 from https://openlibrary.org/books/OL4728381M/The_reader_the_text_the_poem
- Sagidullieva, S., Orazbek, M., & Mukhieva, G. (2025). Gotikalyk, magiyalyk, barokkolyk tuyyndylardagy keipkerler zhuyesi [Character system in Gothic, magical and baroque works]. *KazUU Habarshysy. Filologiya seriyasy*, 2(198), 166–175. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198215> (in Kaz.)
- Sarwer, S., Abid, M. N., Chao, H., Siming, L., & Dukhaykh, S. (2025). Examining the impact of positive psychological attributes on emotional stability and academic burnout among undergraduate students: A cross-sectional study. *BMC Psychology*, 13(1), 614. <https://doi.org/10.1186/s40359-025-02880-0>
- Zhumadilov, Q. (1991). *Shygarmalary* [Works]. Almaty: Zhazushy. (in Kaz.)
- Zaikenova, R., Nurlanova, L. (2019). *Qazaq adebieti: Zhalpy bilim beretin mekteptin 10-synybyna arналған okulyk* [Kazakh literature: Textbook for 10th grade]. Almaty: Mektep. (in Kaz.)
- Zaikenova, R., Sakenova, R., & Nurlanova, L. (2020). *Qazaq adebieti: Zhalpy bilim beretin mekteptin 11-synybyna arналған okulyk* [Kazakh literature: Textbook for 11th grade]. Almaty: Mektep. (in Kaz.)

Б.Д. Жумакаева, Г.С. Камбарова

Университет SDU

Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ОБУЧАЮЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЫ

Аннотация. В данной статье эмпирически рассматриваются возможности развития эмоционального интеллекта школьников в процессе обучения казахской литературе, в частности на материале казахской прозы XX века. Актуальность исследования обусловлена положением о том, что учебный процесс, ориентированный на выявление авторской позиции в художественном прозаическом тексте, способствует усилению эмоционального восприятия, эмпатии и рефлексивного мышления обучающихся. Исследование организовано в экспериментальном формате на основе предмета «Казахская литература» в условиях средней школы. В рамках исследования разработан комплекс заданий, направленных на выявление авторской позиции на основе произведений казахской прозы 60–90-х годов XX века, отличающихся

выраженной психологической направленностью. В экспериментальном исследовании приняли участие 25 учащихся. Исследование проводилось в течение 7 недель и включало 14 академических часов. Уровни эмоционального восприятия, эмпатии, рефлексии и распознавания авторской позиции у старшеклассников, участвовавших в эксперименте, сопоставлялись на основе результатов предварительной и итоговой диагностики. Для оценки уровня эмоционального интеллекта применялись инструменты предварительного и итогового измерения, при этом в процессе анализа текстов особое внимание уделялось психологии персонажей, моральному выбору, внутренним конфликтам и авторскому взгляду. В ходе учебных занятий у учащихся старших классов формировались навыки распознавания авторской позиции, ее соотнесения с поступками и эмоциональным состоянием персонажей, а также умения осуществлять собственную эмоциональную рефлексию на основе художественного текста. Данные анализа показали, что виды учебной работы, основанные на интерпретации художественного текста и эмоциональной рефлексии, способствуют развитию компонентов эмоционального интеллекта. По итогам эксперимента была зафиксирована положительная динамика по всем показателям: эмоциональное восприятие увеличилось с 3,21 до 3,89, эмпатия – с 3,34 до 4,02, рефлексия – с 3,18 до 3,95, распознавание авторской позиции – с 3,09 до 4,08 балла. Результаты исследования показали, что целенаправленное и системное обучение казахской прозе, особенно произведениям, отличающимся психологической глубиной, оказывает положительное влияние на повышение уровня эмоционального интеллекта школьников. В статье предлагаются научно-практические основания для организации обучения казахской литературе в школе не только в познавательном, но и в эмоционально-ценностном аспекте.

Ключевые слова: казахская проза; авторская позиция; эмоциональный интеллект; анализ художественного текста; эмпатия; рефлексия

B.D. Zhumakayeva, G.S. Kambarova

*SDU University
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPING LEARNERS' EMOTIONAL INTELLIGENCE THROUGH THE STUDY OF KAZAKH PROSE

Abstract. This article empirically examines the potential for developing school students' emotional intelligence through the teaching of Kazakh literature,

with a particular focus on twentieth-century Kazakh prose. The relevance of the study stems from the premise that an instructional process focused on identifying the authorial stance in a literary prose text enhances learners' emotional perception, empathy, and reflective thinking. The study employed an experimental design and was conducted in secondary-school Kazakh literature classes. As part of the study, a set of tasks aimed at identifying the authorial stance was developed using works of Kazakh prose from the 1960s to the 1990s with a pronounced psychological focus. The experimental study involved 25 students. It was conducted over seven weeks and comprised 14 academic hours. The levels of emotional perception, empathy, reflection, and recognition of the authorial stance among the upper secondary school students participating in the experiment were compared using pre-test and post-test assessment results. Pre-test and post-test instruments were used to assess students' emotional intelligence. During the analysis of the literary texts, particular attention was paid to characters' psychology, moral choices, internal conflicts, and the authorial perspective. During the instructional process, upper secondary school students developed skills in recognizing the authorial stance, relating it to the characters' actions and emotional states, and engaging in their own emotional reflection based on literary texts. The analysis showed that learning activities based on literary text interpretation and emotional reflection contribute to the development of emotional intelligence components. The experimental results showed positive changes across all measured dimensions. Mean scores increased from 3.21 to 3.89 for emotional perception, from 3.34 to 4.02 for empathy, from 3.18 to 3.95 for reflection, and from 3.09 to 4.08 for recognition of the authorial stance. The findings indicate that purposeful and systematic teaching of Kazakh prose, particularly works distinguished by psychological depth, contributes to increasing school students' emotional intelligence levels. The article proposes a scientific and practical framework for organizing the teaching of Kazakh literature in schools from both cognitive and emotional-value-oriented perspectives.

Keywords: Kazakh prose; authorial stance; emotional intelligence; literary text analysis; empathy; reflection.

Авторлық үлестер

Жұмақаева Б.Д. – тұжырымдама, формалды талдау, деректерге жетекшілік ету, қадағалау, тексеру.

Қамбарова Ғ.С. – бастапқы жоба, жобаны әкімшілендіру, ресурстар; әдіснама.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ағманова Әтіркүл Егембердіқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>, email: agmanova@mail.ru

Азаматова Ария Қазықызы, филология ғылымдарының докторы, доцент, КИМЭП Университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5004-5907>, email: ariyazamat@gmail.com

Ашинова Кунипа Ахатқызы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6938-2092>, email: kunipa_ashinova@aiu.edu.kz

Байжігіт Ботагөз Сабитқызы, PhD доктор, қауымдастырылған профессор м. а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5384-466X>, email: bota_bs90@mail.ru

Байқадам Асылзат Наурызбайқызы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-1210-7820>, email: asylzat_b@mail.ru

Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-6866-5112>, email: nauryzbaybaykadamov@gmail.com

Валова Мария Валерьевна, докторант, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7627-1013>, email: m_valova73@mail.ru

Есімхан Жасұлан Ізбастыұлы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, 010008, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-3499>, email: esimkhan80@gmail.com

Жұмақаева Береке Дәулетханқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, SDU университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, email: d.bereke2009@mail.ru

Карасик Владимир Ильич, филология ғылымдарының докторы, профессор, А.С. Пушкин атындағы Орыс тілі институты, Мәскеу, Ресей. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8306-5317>, email: vkarasik@yandex.ru

Калмурзина Зарина Жандарбековна, доцент, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, ҚР БП жанындағы Құқық қорғау оршандарының академиясы, Қосшы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2716-7486>, email: 06.03.78z@mail.ru

Қамбарова Ғаинижамал Серікқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, SDU университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9983-6998>, email: kambarovagainizhamal@gmail.com

Минайдарова Мария Естаевна, п.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1621-1155>, email: mariya-estaevna@mail.ru

Манапова Гулжан Кырыкбаевна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Филология институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9587-6229>, email: daffodil57@mail.ru

Орынханова Ғибадат Аманжолқызы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1864-1802>, email: gibadat_o@mail.ru

Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9515-1714>, email: esuleim@gmail.com

Тансықбай Әділет Қырбекұлы, PhD, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, email: adilet_2_97@mail.ru

Шаяхимов Даулет Куандыкович, филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-9788-3156>, email: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Агманова Атиркуль Егембердиевна, доктор филологических наук, профессор. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>, email: agmanova@mail.ru

Азаматова Ария Хазиевна, доктор филологических наук, доцент, Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5004-5907>, email: ariyazamat@gmail.com

Ашинова Кунипа Ахатовна, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный университет Астана, Астана, Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6938-2092>, email: kunipa_ashinova@aiu.edu.kz

Байжігіт Ботагөз Сабитқызы, доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5384-466X>, email: bota_bs90@mail.ru

Байкадам Асылзат Наурызбаевна Байкадам, докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-1210-7820>, email: asylzat_b@mail.ru

Байкадамов Наурызбай Сейткалиевич, кандидат исторических наук, доцент, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-6866-5112>, email: nauryzbaybaykadamov@gmail.com

Валова Мария Валерьевна, докторант, Павлодарский педагогический университет имени Ө. Марғұлан, Павлодар, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7627-1013>, email: m_valova73@mail.ru

Есимхан Жасулан Избастыұлы, докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-3499>, email: esimkhan80@gmail.com

Жумакаева Береке Даулетхановна, доктор педагогических наук, профессор, Университет SDU, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, email: d.bereke2009@mail.ru

Камбарова Гаинишамал Сериковна, магистр педагогических наук, докторант, Университет SDU, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9983-6998>, email: kambarovagainizhamal@gmail.com

Карасик Владимир Ильич, доктор филологических наук, профессор, Институт русского языка имени А.С. Пушкина, Москва, Россия. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8306-5317>, email: vkarasik@yandex.ru

Калмурзина Зарина Жандарбековна, доцент, Институт послевузовского образования Академии правоохранительных органов при ГП РК, Косшы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2716-7486>, email: 06.03.78z@mail.ru

Минайдарова Мария Естаевна, к.п.н., доцент, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1621-1155>, email: mariya-estaevna@mail.ru

Мананова Гулжан Кырыкбаевна, магистр педагогических наук, старший преподаватель, Институт филологии, Казахский национальный женский педагогический

университет, Алматы, Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9587-6229>, email: daffodil57@mail.ru

Орынханова Гибадат Аманжоловна, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1864-1802>, email: gibadat_o@mail.ru

Сулейменова Элеонора Дюсеновна, доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9515-1714>, email: esuleim@gmail.com

Тансыкбай Адилет Кыдырбекулы, PhD, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, email: adilet_2_97@mail.ru

Шаяхимов Даулет Куандыкович, кандидат филологических наук, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова. ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-9788-3156>, email: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Agmanova Atirkul Egemberdievna Agmanova, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>, email: agmanova@mail.ru

Azamatova Ariya Khazievna, Doctor of Philological Science, Associate Professor, KIMEP University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5004-5907>, email: ariyazamat@gmail.com

Ashinova Kunipa, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6938-2092>, email: kunipa_ashinova@aiu.edu.kz

Baizhigit Botagoz Sabitkyzy, PhD, Acting Associate Professor, M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5384-466X>, email: bota_bs90@mail.ru

Baikadam Assylzat Nauryzbaevna, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-1210-7820>, email: assylzat_b@mail.ru

Baikadamov Nauryzbay Seitkalievich, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-6866-5112>, email: nauryzbaybaykadamov@gmail.com

Kambarova Gainizhamal Serikovna, Master of Pedagogical Sciences, doctoral student, SDU University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9983-6998>, email: ambarovagainizhamal@gmail.com

Karasik Vladimir Ilyich, Doctor of Philological Sciences, Professor, Pushkin State Russian Language Institute, Moscow, Russia. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8306-5317>, email: vkarasik@yandex.ru

Kalmurzina Zarina Zhandarbekovna, associated professor, Institute of Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's office of the Republic of Kazakhstan, Kossy, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-2716-7486>, email: 06.03.78z@mail.ru

Minaidarova Maria Estaevna, PhD, Associate Professor, M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1621-1155>, email: mariya-estaevna@mail.ru

Manapova Gulzhan, master of pedagogical sciences, senior lecturer, Institute of Philology, Kazakh National Women's Teacher Training university, Almaty, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9587-6229>, email: daffodil57@mail.ru

Orynkanova Gibadat, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Institute of Philology, Kazakh National Women's Teacher Training university, Almaty, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1864-1802>, email: gibadat_o@mail.ru

Suleimenova Eleonora Dyusenovna, Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9515-1714>, email: esuleim@gmail.com

Shayakhimov Daulet Kuandykovich, Candidate of philological science, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-9788-3156>, email: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz

Tangsykbay Adilet Kydyrbekuly, PhD, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, email: adilet_2_97@mail.ru

Valova Maria Valeryevna, doctoral student, Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7627-1013>, email: m_valova73@mail.ru

Yessimkhan Zhassulan Izbastyuly, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-3499>, email: esimkhan80@gmail.com

Zhumakayeva Bereke Dauletkhanovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, SDU University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, email: d.bereke2009@mail.ru

Басуға 15.09.2026 ж. қол қойылды.
Форматы 70×100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 8,3 шартты б.т. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №1592

Подписано в печать 15.09.2026 г.
Формат 70×100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 8,3 уч.-изд. л. Тираж 300 экз.
Цена договорная.
Заказ №1592

Редакционно-издательский центр
Павлодарский педагогический университет им. Ә. Марғұлана
140002, г. Павлодар, ул. Олжабая батыра, 60
Контакты: e-mail: yazlit_os@pspu.kz, yazlit@pspu.kz